

Қазақстан Республикасындағы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарамасының 2001 жылғы 28 қазан N 418 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1727. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарамасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 376 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқарамасының 24.12.2012 № 376 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасындағы таратылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының қызметіне бақылауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасындағы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және нұсқаулық пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы

нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасынан алған күннен бастап төрт күндік мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сот шешімімен, оның ішінде банкроттық негізінде және ерікті тәртіппен таратылатын тарату комиссияларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А.Колпаковқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғы
N 418 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасындағы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулық

Осы Нұсқаулық " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы ", " Сақтандыру қызметі туралы ", " Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы " Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және аралық тарату балансының нысандарын және оның қосымшаларын, сот шешімі бойынша таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сонымен бірге банкроттық негізде және ерікті түрде таратылатын тарату комиссияларының есептерін, еріксіз және ерікті түрде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату балансын, тарату комиссияларының оларды қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсынудың мерзімі мен тәртібін белгілейді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және

қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы
Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

1-бөлім. Аралық тарату балансы

1-тарау. Аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін жасау нысаны мен мерзімдері

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кредиторлары шағым-талап (өтініш) беру үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы бір айлық мерзімде аралық тарату балансын жасайды.

Тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасау мерзімі біткен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға береді.

Ескерту: 1-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

2. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысанда жасайды.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

3. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансы мынадай құжаттар негізінде жасалады:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының талдау және жинақтау есептерінің тізімдемесі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтерді және міндеттемелерін түгендеу актісі;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату процесі басталған кездегі балансы;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату процесі басталған кездегі балансына айналым-сальдо ведомосі;

5) тарату процесі басталған кездегі осы Нұсқаулықтың N№3 қосымшасына сәйкес нысанмен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының тізімі;

6) осы Нұсқаулықтың N№4 қосымшасына сәйкес жасалған, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары хабарлаған шағым-талаптарды (өтініштерді) есепке алу журналы;

7) осы Нұсқаулықтың N№5 қосымшасына сәйкес нысанмен жасалған, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары талап етпеген берешегін есепке алу журналы;

8) осы Нұсқаулықтың N№6 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз мүлкін есепке алу журналы ;

9) осы Нұсқаулықтың N№7 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дебиторлық берешегін есепке алу журналы.

4. Аралық тарату балансына мынадай есеп нысандары мен құжаттар қоса беріледі :

1) Осы Нұсқаулықтың 3-тармағының 2)-3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ;

2) осы Нұсқаулықтың N№8 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату процесі басталған кездегі дебиторлардың тізімі;

3) аралық тарату балансына кері-сальдо ведомосі;

4) аралық тарату балансының барлық баланстық есепшоттарына талдама;

5) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жасалған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланстан тыс шоттары бойынша деректері ;

6) кредиторлар берген шағым-талаптардың (өтініштердің тізбесі), оларды қарау нәтижелері және осы Нұсқаулықтың N№9 қосымшасына сәйкес нысанмен жасалған, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары талап етпеген берешектердің тізімі;

7) осы Нұсқаулықтың таратылатын сақтандыру ұйымына арналған 10-қосымшасына және таратылатын қайта сақтандыру ұйымына арналған 11-қосымшасына сәйкес жасалған аралық тарату балансына қосылған кредиторлар талabyның тізілімі ;

8) осы Нұсқаулықтың N№12 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансына кіргізілген мүліктің құрамы туралы мәліметтер;

9) аралық тарату балансындағы деректерде тарату процесі басталған кездегі баланспен салыстырғанда ауытқулардың бар екендігі туралы осы Нұсқаулықтың N№13 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған мәліметтер;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тарату комиссиясының бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізу туралы түсіндірме жазбасы;

11) осы Нұсқаулықтың 13-1 қосымшасына сәйкес нысанда жасалған аралық тарату балансына қосымша .

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансын және кредиторларының талап тізілімін бекіту

5. Аралық тарату балансы жасалған соң оны еріксіз таратылып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы осы Нұсқаулықтың көрсетілген тармағындағы қосымшалармен бірге бекітуге уәкілетті органға береді.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

6. Аралық тарату балансы жасалған соң оны ерікті түрде таратылып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы осы Нұсқаулықтың көрсетілген тармағындағы қосымшалармен бірге қарауға уәкілетті органға береді.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

6-1. Ерікті немесе еріксіз таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансы мынадай жағдайларда қаралуы (ерікті таратылған жағдайда) және бекітілуі (еріксіз таратылған жағдайда) тиіс емес:

- 1) осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген құжаттарды бермеу;
- 2) осы Нұсқаулықтың 3, 4-тармақтарында көзделген құжаттардың аралық тарату балансының деректерімен сәйкессіздігі.

Аралық тарату балансы бекітілмеген жағдайда (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы еріксіз таратылған жағдайда) уәкілетті орган немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акционерлерінің жалпы жиналысы (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті түрде таратылған жағдайда) бұл туралы тарату комиссиясына анықталған бұзушылықтарды, кемшіліктерді жою жөніндегі себептер мен мерзімді және аралық тарату балансын бекітпеу туралы жазбаша хабарламаны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы алған күннен бастап бір айдан асуы мүмкін емес екендігін бекіту үшін акционерлердің жалпы жиналысына (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату үшін) немесе аралық тарату балансын уәкілетті органға екінші рет беру (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз тарату үшін) туралы жазбаша хабарламаны көрсете отырып, жазбаша хабардар етеді.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының

2007 жылғы 16 шілдедегі N 205 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен .

7. Ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансы және кредиторларының талаптар тізілімі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

8. Бекітілген аралық тарату балансының көшірмесін қосымшаларымен бірге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы ерікті түрде таратылған уәкілетті орган ұсынады.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

8-1. Еріксіз және ерікті түрде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары кредиторларының талаптар тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Нұсқаулықтың сақтандыру ұйымдарына арналған 13-2 қосымшасына және осы Нұсқаулықтың қайта сақтандыру ұйымдарына арналған 13-3 қосымшасына сәйкес тарату комиссиясы шешімді қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ресімделеді.

Кредиторлардың талаптар тізіліміндегі өзгерістер мен толықтырулар бекітілген аралық тарату балансында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің өзгеруіне ұшырататын болса, тарату комиссиясы сонымен қатар таратылып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бухгалтерлік балансын кредиторлардың талаптар тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізген күнге жасайды.

Ескерту: 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004.02.16. N 39 , өзгерту енгізілді - 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

8-2. Тарату комиссиясы уәкілетті органға бекітуге (еріксіз тарату кезінде) немесе қарауға - осы Нұсқаулықтың сақтандыру ұйымдарына арналған 13-2 қосымшасына және осы Нұсқаулықтың қайта сақтандыру ұйымдарына арналған 13-3 қосымшасына және осы Нұсқаулықтың 8-1 тармағына сай жасалған бухгалтерлік балансқа сәйкес ресімделген кредиторлардың талаптар тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді акционерлердің жалпы жиналысы (ерікті түрде тарату кезінде) бекіткенге дейін, мынадай құжаттармен қоса береді:

1) кредиторлардың талаптар тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу себептері туралы, олардың негізділігін растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілген түсіндірме жазба;

2) осы Нұсқаулықтың 13-4 қосымшасына сай жасалған аралық тарату

балансы мен бухгалтерлік баланстың деректерінде пайда болған ауытқулар
т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

3) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бухгалтерлік
балансының шоттарының талдамалары.

Ескерту: 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық
ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының
2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

8-3. Ерікті түрде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының
кредиторларының талаптар тізіліміне енгізіліп бекітілген өзгерістер мен
толықтырулардың көшірмелері уәкілетті органға ол бекіген сәттен бастап екі
жұмыс күні ішінде мәлімет ретінде беріледі.

Ескерту: 8-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық
ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының
2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

**2-бөлім. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
тарату комиссиясының есептері 1-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының тарату
комиссиясының ай ішінде істеген жұмысы туралы есеп
(ай сайынғы есеп)**

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының ай
ішінде істеген жұмысы туралы ай сайынғы есебіне мыналар кіреді:

1) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп берілетін күнгі жағдай
бойынша осы Нұсқаулықтың N№14 қосымшасына сәйкес нысан бойынша
ж а с а л ғ а н б а л а н с ы ;

2) активтердің есеп берілетін күнгі жай-күйі туралы осы Нұсқаулықтың N№
15 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп;

3) есеп берілетін күнгі міндеттемелердің жай-күйі туралы сақтандыру
ұйымдары үшін - осы Нұсқаулықтың N№16 қосымшасына сәйкес, қайта
сақтандыру ұйымдары үшін - осы Нұсқаулықтың N№17 қосымшасына сәйкес
н ы с а н б о й ы н ш а ж а с а л ғ а н е с е п ;

4) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы
Нұсқаулықтың 18-қосымшасына сәйкес есепті кезеңде жасалған теңгедегі
ағымдық шот бойынша ақша қаражаттары қозғалысы туралы есебі;

4-1) осы Нұсқаулықтың 18-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған
есепті кезең ішіндегі таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
шетел валютасындағы ағымдық шоты бойынша ақша қаражатының қозғалысы
т у р а л ы е с е п ;

5) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Нұсқаулықтың 19-қосымшасына сәйкес есепті кезеңде теңгеде жасалған касса бойынша ақша қаражаттары қозғалысы туралы есебі;

5-1) осы Нұсқаулықтың 19-2-қосымшасына сәйкес жасалған есепті кезең ішіндегі таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шетел валютасындағы касса бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;

6) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Нұсқаулықтың 19-1 қосымшасына сәйкес нысанда жасалған балансына т о л ы қ т ы р у ;

7) осы Нұсқаулықтың (кредиторлар комитеті құрылғанға дейін беріледі) 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есепті кезең ішіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының тарату өндірісіне жұмсаған шығыстары туралы есеп.

Ескерту: 9-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 , өзгерту енгізілді - 2007 жылғы 16 шілдедегі N 205 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен .

10. Ай сайынғы есепке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы тарату процесінің жай-күйі туралы түсіндірме жазба қоса беріледі, оған мына а қ п а р а т т а р к і р е д і :

1) өзгерістердің себебін көрсете отырып, есепті кезеңде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері мен міндеттемелері бойынша өзгерістер;

2) шағым-талап жұмысының сипаттамасы;

3) тарату комиссиясының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының м ү л і г і м е н ж ұ м ы с ы ;

4) тарату комиссиясының кредиторлармен және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы борышы бойынша жұмысының сипаттамасы;

5) тарату ісіне арналған шығыстар және тартылған қызметкерлердің саны;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату өндірісін аяқтаудың негізгі кедергілері, проблемалары және перспективалары.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Ай сайынғы есеп үшін есеп берілетін күн болып есеп берілетіннен кейінгі айдың 1-і болып табылады.

12. Ай сайынғы есеп үшін есеп берілетін күннің алдындағы күн айлық есептің алдындағы күн болып табылады.

13. Қаңтар, ақпан, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қазан, қараша айлары үшін ай сайынғы есеп уәкілетті органға мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 6-нан кешіктірмей;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 8-нен кешіктірмей.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тарату комиссиясының тоқсан ішінде істеген жұмысы туралы есеп (тоқсан сайынғы есеп)

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы істеген жұмысы туралы тоқсан сайынғы есебіне мыналар кіреді:

1) осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көзделген құжаттар;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жасалған баланстан тыс шоттары б о й ы н ш а д е р е к т е р ;

3) алыннып тасталды ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп берілетін тоқсандағы осы Нұсқаулықтың NN№20 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы есебі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Нұсқаулықтың N№21 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, есеп берілетін күнгі меншікті мүлкінің жай-күйі туралы есеп;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының кредиторлармен есеп айырысулары туралы және есеп берілетін күнгі жағдай бойынша ағымдағы берешегі жөнінде сақтандыру ұйымы үшін - осы Нұсқаулықтың N№22 қосымшасына және қайта сақтандыру ұйымы үшін N№23 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп;

7) осы Нұсқаулықтың N№24 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп берілетін тоқсандағы тарату өндірісіне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы жұмсаған шығыстар туралы есеп.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

15. Тоқсан сайынғы есепке осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көзделген ақпараты бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы тарату процесінің жай-күйі туралы түсіндірме жазба қоса беріледі.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16. Тоқсан сайынғы есеп үшін есеп берілетін күн есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-і болып табылады.

17. Тоқсан сайынғы есеп үшін есеп берілетіннің алдындағы күн алдыңғы тоқсандық есепті күн болып табылады.

18. Тоқсан сайынғы есеп уәкілетті органға мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы болмаған жағдайда - 1 тоқсан үшін 8 сәуір, 2 тоқсан үшін 8 шілде, 3 тоқсан үшін 8 қ а з а н ;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары болған жағдайда - 1 тоқсан үшін 10 сәуір, 2 тоқсан үшін 10 шілде, 3 тоқсан үшін 1 0 қ а з а н .

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

3-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының жыл ішінде істеген жұмысы туралы есеп (жылдық есеп)

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы істеген жұмысы туралы жылдық есепке мыналар кіреді:

1) осы Нұсқаулықтың 14-тармағында көзделген құжаттар;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлеріне, борышкерлеріне және тарату комиссиясының басшы қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық іс туралы есеп берілетін күнгі жағдай бойынша осы Нұсқаулықтың N№25 қосымшасына сәйкес нысан б о й ы н ш а ж а с а л ғ а н е с е п ;

3) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметкерлер саны туралы осы Нұсқаулықтың N№26 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына тартылған қызметкерлер саны туралы осы Нұсқаулықтың N№27 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есеп.

20. Жылдық есепке осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көзделген ақпараты бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы тарату процесінің жай-күйі туралы түсіндірме жазба қоса беріледі.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Жылдық есеп үшін есепті күн - есепті жылдан кейінгі жылдың N 1 қаңтары болып табылады.

22. Жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн - алдыңғы жылдық есептің есепті күні болып табылады.

23. Жылдық есеп уәкілетті органға мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы болмаған жағдайда - есеп берілетіннен кейінгі жылдың 25 қаңтарынан к е ш і к т і р м е й ;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары болған жағдайда - есеп берілетіннен кейінгі жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

4-тарау. Тарату туралы есеп

24. Тарату өндірісі аяқталғаннан кейін:

1) еріксіз таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы уәкілетті органмен келіскеннен кейін сотқа бекіту үшін тарату т у р а л ы е с е п ұ с ы н а д ы ;

2) ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы уәкілетті органда қарағаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысына бекіту үшін тарату туралы есеп береді.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

24-1. Тарату комиссиясы тарату жөніндегі есепті сотқа бергеннен кейін, уәкілетті органға ай сайын оның сотта қаралу барысы жөніндегі ақпаратты

Ұ с ы н а д ы .

Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

25. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы есепте мынадай а қ п а р а т т а р б о л у ы т и і с :

1) күні және банкті тарату туралы шешімді қабылдаған орган туралы;

2) уақытша басшыны тағайындау (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз таратқан кезде) және тарату комиссиясын құру, тарату комиссиясының құ р а м ы н өз г е р т у т у р а л ы ;

3) бірінші кезектегі, оның ішінде орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы хабарландыру жариялау, аралық тарату балансын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларының тізілімін жасау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары акцияларының барлық эмиссияларын жою туралы тиісті құжаттарды уәкілетті органнан алу және бекіту жөніндегі іс-шараларды орындау т у р а л ы ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетін құру, бекіту және жұмыс істеуі туралы;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің тарату процесі басталған кездегі жай-күйі туралы;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борышкерлерінен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы;

8) таратылатын есепшот және касса бойынша ақшаның қозғалысы, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ағымдағы шотында а қ ш а н ы ң б о л м а у ы т у р а л ы ;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату процесі басталған кездегі міндеттемелері туралы;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің орындалуы туралы.

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004.02.16. N 39 , 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

26. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы есепке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ісін аяқтау бойынша іс-шараларды тарату

комиссиясының толық жүргізгенін растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілуі тиіс.

3-бөлім. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы 1-тарау. Тарату балансының нысаны

27. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ісін аяқтау бойынша іс-шараларды толық көлемде жүргізгеннен кейін жасалады.

28. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

28-1. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансына мыналар қоса беріледі:

1) тарату балансына осы Нұсқаулықтың 28-1-қосымшасына сәйкес нысанда (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған) активтердің жай-күйі туралы есеп ;

2) тарату балансына осы Нұсқаулықтың 28-2-қосымшасына сәйкес нысанда (сақтандыру ұйымына арналған) міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп;

3) тарату балансына осы Нұсқаулықтың 28-3-қосымшасына сәйкес нысанда (қайта сақтандыру ұйымына арналған) міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп.

Ескерту: 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2007.12.24. N 270 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансын бекіту

29. Еріксіз таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансын тарату комиссиясы сол уәкілетті органмен келіскеннен кейін бекіту үшін сотқа ұсынады .

Ескерту: 29-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

30. Ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы сол уәкілетті органда қаралғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

Ескерту: 30-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

31. Ерікті түрде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тарату және тарату балансы туралы бекітілген есептің көшірмелерін бекітілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға б е р е д і .

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

3-тарау. Қорытынды ережелер

32. Уәкілетті орган атқарылған жұмыс туралы есептерді қараған кезде тарату комиссиясынан есеп беруде көрсетілген тексеруге қажетті ақпараттарды, мәліметтер мен құжаттарды сұратуға құқылы.

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

33. Барлық журналдар номерленген, тігілген және тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер және оларды толтыруға жауапты тұлға қол қойған болуы тиіс.

34. Есеп және оған қоса берілетін құжаттар осы Нұсқаулықтағы нысандар бойынша және талаптарға сәйкес ұсынылуы, мөрмен расталған және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжатты әзірлеуге жауап беретін қызметкерінің аты-жөні мен лауазымы міндетті түрде көрсетіліп, тарату комиссиясының төрағасы және бас бухгалтер қол қойған болуы тиіс.

35. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасындағы
таратылатын сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдарының
аралық тарату балансының,
басқа да есептерінің, тарату
балансының нысандары және
тарату комиссияларының оларды
ұсыну мерзімдері мен тәртібі

1-қосымшасы

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 205 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен .

1-нысан

20 __ жылғы " __ " _____

"Бекітілді"

**Аралық тарату балансы
(таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының атауы)**

мың теңгемен

N	Бап атауы	Баланс шоттары - ның нөмірлері	Тарату процесі-нің басында	Есепті күнге	Өзгерістер (5- баған - 4-баған)
1	2	3	4	5	6
	Активтер				
1	Ақша және ақша эквиваленттер				
2	Орналасқан салымдар (күмәнды борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
3	Саудаға арналған бағалы қағаздар (күмәнды борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
4	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (күмәнды борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
5	"КеріРЕПО" операциялары				
6	Тазартылған қымбат металдар				
7	Туынды қаржы құралдары				
8	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнды				

	борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
9	Пайда болған, бірақ анықталмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
10	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарындағы болмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
11	Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
12	Анықталған, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
13	Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
14	Сақтандырушылардан (қайта сақтандырылушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
15	Басқа дебиторлық берешек (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
16	Сақтанушыларға берілген заемдар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				

17	Болашақ кезеңдер шығыстары				
18	Салықтық талап ету				
19	Мерзімі ұзартылған салықтық талап ету				
20	Басқа да активтер				
21	Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (күмәнды борыштар бойынша резервтерді шегеріп)				
22	Басқа заңды тұлғалардың капиталдарындағы инвестициялар				
23	Негізгі қаражат (нетто)				
24	Инвестициялық мүлік				
25	Сатуға (нетто) арналған ұзақ мерзімді активтер				
26	Материалдық емес активтер (нетто)				
	Активтер бойынша жиынтық				
	Бап атауы	Баланс шоттары - ның нөмірлері	Тарату процесі-нің басында	Есепті күнге	Өзгерістер (5-баған - 4-баған)
1	2	3	4	5	6
	Міндеттемелер				
1	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві				
2	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резерві				
3	Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резерві				
4	Болған, бірақ анықталмаған шығындар резерві				
5	Анықталған, бірақ реттелмеген шығындар резерві				
6	Қосымша резервтер				
7	Алынған заемдар				
8	Қайта сақтандырушылар мен жасалған есептер				
9	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысулар				

10	Акционерлермен дивидендтер бойынша есеп айырысу				
11	Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленетін шоттар				
12	Басқа кредиторлық берешек				
13	Бағалау жөніндегі міндеттемелер				
14	"РЕПО" операциялары				
15	Туынды қаржы құралдары				
16	Болашақ кезеңдер кірістері				
17	Салықтық міндеттеме				
18	Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме				
19	Басқа да міндеттемелер				
	Міндеттемелер бойынша жиынтық				
	Капитал				
1	Жарғылық капитал (құрылтайшылар жарналары)				
2	Алып қойылған капитал (құрылтайшылар жарналары)				
3	Резервтік капитал				
4	Ескертілген іс-шаралар резерві				
5	Қайта бағалау қорытындылары				
6	Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын):				
6.1	Осының алдындағы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)				
6.2	Есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)				
	Капитал бойынша жиынтық				

Т а р а т у к о м и с с и я с ы н ы ң
төрағасы _____

	(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)	(қолы)
Бас бухгалтер	_____	_____
	(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)	(қолы)

Орындаушы _____

телефон _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) _____ (қолы)

Қазақстан Республикасындағы
таратылатын сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымдарының аралық
тарату балансының, басқа да
есептерінің, тарату балансының
нысандары және тарату
комиссияларының оларды ұсыну
мерзімдері мен тәртібі туралы
нұсқаулыққа

2 қосымша

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын
және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 39 қаулысымен .

20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша таратылатын
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының баланстан тыс
шоттары бойынша деректер

мың теңгемен

код	Жолдардың атауы	Тарату	Өткендегі	Есепті	Өзгеріс.
		барысы.	есепті	күнге**	тер (5 баған-
		ның	күнге*		6 баған)***
		б а с ы н д а			
1	2	3	4	5	6

1	Ш а р т т ы	ж ә н е	м ү м к і н		
		т а л а п т а р			
1 . 1	Б е р і л г е н	н е м е с е			
	р а с т а л ғ а н	к е п і л д і к .			
	т е р	б о й ы н ш а	м ү м к і н		
		т а л а п т а р			
1 . 2	Қ а б ы л д а н ғ а н	к е п і л .			
	д і к т е р	б о й ы н ш а			
	м ү м к і н	т а л а п т а р			
1 . 3	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и .			
	к а с ы н ы ң	с а қ т а н д ы р у			
	т ө л е м д е р і н е	к е п і л .			

		д і к	б е р у	т у р а л ы
		з а ң д а р ы	б о й ы н ш а	
		ш а р т т ы	а й ы р ы қ ш а	
			ж а р н а л а р	
1 . 4	Қаржы	активтерін		
	с а т ы п	а л у	б о й ы н ш а	
		ш а р т т ы	т а л а п т а р	
1 . 5	Қаржы	фьючерстерін		
	(активті	операциялар		
	б о й ы н ш а)	с а т ы п	а л у	
		б о й ы н ш а	ш а р т т ы	
			т а л а п т а р	
1 . 6	Қаржы	фьючерстерін		
	(п а с с и в ті	операция.		
	л а р	б о й ы н ш а)	с а т ы п	
	а л у	б о й ы н ш а	ш а р т т ы	
			т а л а п т а р	
1 . 7	Қаржы	фьючерстерін		
	(активті	операциялар		
	б о й ы н ш а)	с а т у	б о й ы н ш а	
		ш а р т т ы	т а л а п т а р	
1 . 8	Қаржы	фьючерстерін		
	(п а с с и в ті	операциялар		
	б о й ы н ш а)	с а т у	б о й ы н ш а	
		ш а р т т ы	т а л а п т а р	
1 . 9	Белгіленген	процент.		
		т і к	с в о п	
1 . 1 0	Еркін	айналыстағы		
		п р о ц е н т т і к	с в о п	
1 . 1 1	" Колл "	-	с а т ы п	
		а л ы н ғ а н	о п ц и о н д ы қ	
			к е л і с і м - ш а р т т а р	
1 . 1 2	" Пут "	-	с а т ы п	а л ы н ғ а н
			о п ц и о н д ы қ	к е л і с і м -
			ш а р т т а р	
1 . 1 3	" Пут "	-	с а т ы л ғ а н	о п ц и о н .
			д ы қ	к е л і с і м - ш а р т т а р
		-	б а қ ы л а у	ш о т ы
1 . 1 4	" Колл "	-		с а т ы л ғ а н

